**"I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімді есептерді жасау және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 250 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2025 жылғы 6 наурыздағы № 55 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 11 наурызда № 35802 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "I және II санаттардағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімді есептерді жасау және ұсыну бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 250 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23553 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген I және II санаттағы объектілерді өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеу, ішкі есепке алуды жүргізу, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша мерзімді есептерді қалыптастыру және ұсыну қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

осы Қағидаларға 1-қосымшада:

8-тармақтың 11) тармақшасы екінші абзацының орыс тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"11) Биоәртүрліліктің мониторингі оларды жою қаупін және өсімін молайту мүмкін еместігін болдырмау мақсатында бүкіл келісімшарттық аумақ бойынша жүргізіледі. I және II санаттағы объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау шеңберінде жүргізілген табиғи ареалдардың жай-күйі және биологиялық әртүрлілікті (жануарлар мен өсімдіктер әлемі) сәйкестендіру туралы ақпарат;";

17- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Объект операторы ішкі есепке алуды жүргізеді, объект операторының бірінші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қоя отырып, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар туралы ұлттық банкінде электрондық нысанда өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша кезеңдік есептерді қалыптастырады және ұсынады.";

19 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Есептік кезеңде объекті пайдаланылмаған және/немесе жұмысы уақытша тоқтатылған жағдайда, "қосымша ақпарат" бөліміндегі нысанды толтыру кезінде түсіндірме жазбаны қоса отырып ("√" - нысан есепті кезеңде жұмыс істемеді) белгі қойылады.

Есептік нысанды толтыру кезінде қажетті мәліметтер болмаған жағдайда, ұяшық толтырылмайды.";

1-қосымшада 2-кесте мынадай редакцияда жазылсын:

"

| Қалдық түрі | Қалдықтар жіктеліміне сәйкес қалдықтар коды | Қалдықтарды жинақтау лимиті, тонна | Қалдықтар ұшырайтын операция түрі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

";

осы бұйрыққа қосымша Қағидаларға 2-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа қосымша Қағидалардағы 3, 4 және 5-қосымшалар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Экология және табиғи*
*ресурстар министрінің м.а.*　　　　*Н. Шарбиев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.
2025 жылғы 6 наурыздағы
№ 55 бұйрығына
қосымша
I және II санаттағы объектілерді
өндірістік экологиялық бақылау,
ішкі есепке алуды жүргізу,
өндірістік экологиялық бақылау
нәтижелері бойынша мерзімдік
есептерді қалыптастыру және
ұсыну бағдарламасын әзірлеу
қағидаларына
2-қосымша
№___20___ жылғы "__" _______
Әкімшілік деректерді
жинақтауға арналған
нысан

Ұсынылады: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: ndbecology.gov.kz

Әкімшілік нысанның атауы: Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): ӨЭБ

Кезеңділік: тоқсан сайын, 7 және 12-кесте бойынша жыл сайын.

Есепті кезең: тоқсан, жыл.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: I және II санаттағы объектілердің операторлары.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың бірінші күніне дейін, жыл сайын теңіздегі өндірістік мониторинг бойынша есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың бірінші күніне дейін және 7 және 12-кестелер бойынша.

ЖСН/БСН

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

(деректерді жеке адамдар ұсынған жағдайда, сондай-ақ агрегатталған түрде толтырылмайды)

Жинау әдісі (қағаз жеткізгіште, электронды түрде, телефон арқылы сауал салудың компьютерлендірілген жүйесі, қағаз жеткізгішті пайдалана отырып, интервьюердің жеке сауал салуы кезінде, дербес есептеу құрылғысын пайдалана отырып, интервьюердің жеке салуы кезінде): электронды түрде.

**1. Объект операторы жөніндегі жалпы мәліметтер**

1-кесте

| № п/п | Өндірістік объектінің атауы | ӘАОС ( Әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптаушы) коды бойынша нақты орналасқан жері | Орналасқан жері, координаттары | Объект операторының бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі-БСН) | Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторы бойынша қызмет түрі (ЭҚЖС) | Өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

1-кестенің жалғасы

| Деректемелер | Объектінің санаты | Кәсіпорынның жобалық қуаты | Есепті кезеңдегі нақты қуаты | Өндірістік мониторинг бағдарламасының әрекет ету мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

**Өндіріс және тұтыну қалдықтары. Есептік деректер оператордың объектілерінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының жинақталуы болған кезде ұсынылады.**

**2-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтау жөніндегі ақпарат**

| Қалдықты жинақтау орны ( орналасқан жердің координаттары) | Қалдық түрі | Қалдық коды | Қалдықтарды жинақтау лимиті, тонна | Жинақтау мерзімі | Есепті кезеңнің басындағы қалдық, тонна | Кәсіпорындардағы қалдықтардың түзілген көлемі, тонна |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

2-кестенің жалғасы

| Есепті кезеңдегі жинақтаудың нақты көлемі, тонна | Қалдықтармен операция жүргізуге берілген қалдықтардың көлемі, тонна | Қалдық берілген ұйымның БСН | Кәсіпорында операциялар жүргізілген қалдықтың көлемі, тонна | Есепті кезеңнің соңында жинақтағышта қалған қалдықтар, тонна |
|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

**3-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен кәсіпорында жүргізілген операциялар. Объектінің операторы қалдықтармен операцияларды дербес, бөгде ұйымдарға бермей жүргізген жағдайда толтырылады.**

| Қалдық коды | Операция түрі | Операция жүргізілген қалдық көлемі, т | Қайталама шикізат күйіне өтті | Қалдық/ шикі затпен жүргізілген операциядан кейін олардың берілген көлемі, т | Қалдық/ шикізат берілген ұйымның БСН | Операция жүргізілгеннен кейін қалған қалдықтардың көлемі, т | Қалдықтардың қалған көлемімен жасалған операцияның түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

**4-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму бойынша ақпарат. Есептік ақпарат өндіріс пен тұтынудың меншікті қалдықтарын көму кезінде, сондай-ақ қалдықтардың бастапқы түрімен операция жүргізгеннен кейін қалған қалдықтарды меншікті полигонда көму кезінде ұсынылады.**

| Қалдық көмілген орын (орналасқан жердің координаттары) | Қалдық түрі | Қалдық коды | Кәсіпорындағы қалдықтардың түзілген көлемі, тонна | Қалдық көмілген орын (орналасқан жердің координаттары) | Қалдықтарды көму лимиті, тонна | Есепті кезеңде көмілген қалдықтардың нақты көлемі, тонна |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

**5-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын бөгде ұйымнан алған кезде олармен жасалатын операциялар жөніндегі ақпарат. Есептік ақпарат бөгде ұйымнан алынған қалдықтармен операцияларды жүзеге асыру кезінде ұсынылады.**

| Қалдық коды | Қалдық алынған ұйымның БСН | Алынған қалдықтың көлемі, тонна | Қалдықтармен операциялар жүргізуге жіберілген қалдықтың көлемі, тонна | Операция түрі | Қалдықпен/ шикізатпен жасалған операциядан кейін олардың берілген көлемі, тонна | Қалдық/ шикізат берілген ұйым ның БСН |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

5-кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|

| Қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін түзілген қалдықтың түрі | Қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін түзілген қалдықтың коды | Қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін түзілген қалдықтың көлемі, тонна | Қалдық операциясы жүргізілгеннен кейін түзілген операция түрі | Қалдықтар мен қайта операция жүргізуге бағытталған қалдық көлемі, тонна | Қалдықтар берілген жағдайда, олардың қалған көлемі берілген ұйымның БСН |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |

**Кесте 6. Тұрмыстық қатты қалдықтар (бұдан әрі –ТҚҚ) полигондарының газ мониторингі.**

Есептік ақпаратты ТҚҚ полигондарының иелері ұсынады.

| Объектінің атауы | Іріктеу нүктелері | Бақыланатын компоненттер | Мониторинг жүргізу әдістемесі | Нәтижелері (мг/м$^3$) | Асып кетудің болуы / себебі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

**2. Өндірістік мониторинг**

**Аккредиттелген сынақ зертханасы туралы мәліметтер**

**1-кесте**

| № | Аккредиттелген сынақ зертханасының атауы | Сынақ зертханасының аккредиттеу аттестатының нөмірі мен қолданылу мерзімі | Сынақ зертханасының аккредиттеу саласы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

**Атмосфералық ауа. Атмосфераның ластану көздері туралы мәліметтер (автоматты түрде толтыру)**

**2-кесте**

| | ЛЗ шығарынды ларының стационар лық көздерінің саны, бірліктің барлығы | Оның ішінде : | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастырылған | ұйымдастырылмаған | тазарту құрылыс жай ларымен жабдықталған | тазартусыз |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Барлығы: | | | | | |
| есепті кезеңде шығарынды ларды жүзеге асырғандар: | | | | | |

**Атмосфералық ауа эмиссиясының мониторингі бойынша ластағыш заттардың нақты шығарындылары (жиынтық кесте)**

**3-кесте**

| Алаң | | | | | Белгіленген норматив | | Ластағыш заттар (бұдан әрі – ЛЗ) шығарынды ларының нақты көлемі | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| атауы | орналасқан жері, координат тары ( бойлық пен ендік ) | Шығарындылар көздерінің түгендеу нөмірі | Шығарындылар көздерінің атауы | Ластағыш заттардың атауы | г/с | жылына/ тонна | г/с | тоқсанына/ тонна | жылына/ тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| БАРЛЫҒЫ: | | | | | | | | | |

3-кестенің жалғасы

| Тазартусыз атмосфералық ауаға шығарылған шығарындылардың көлемі | Ауланған және залалсыздандырылған ЛЗ көлемі | | Нормативтен тыс шығарындылар | | Рұқсат етілгендермен салыстырғанда ЛЗ шығарындыларының ұлғаюы немесе төмендеуі, % | Ұлғаю себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | барлығы | олардың ішінде кәдеге жаратылғаны | | | | |
| жылына/ тонна | жылына/ тонна | жылына/ тонна | г/с | жылына/ тонна | жылына/ тонна | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

Ластағыш заттар шығарындылары мониторингінің автоматтандырылған жүйесі негізіндегі нәтижелер

Автоматтандырылған бақылау жүйесі орнатылған көздер үшін сандық және сапалық көрсеткіштерді үздіксіз өлшеу нәтижелері бөлек "Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссияларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесін жүргізу қағидаларына" сәйкес жүзеге асырылады.

**Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындыларын өлшеу негізіндегі нәтижелер**

**4-кесте**

| Алаң | | Шығарынды көзі | | Ластағыш заттардың атауы |
|---|---|---|---|---|
| атауы | орналасқан жері, координаттары ( бойлық пен ендік) | нөмірі | атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| БАРЛЫҒЫ | | | | |

4-кестенің жалғасы

| ШЖБШ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив | | Нақты нәтиже | | | Шекті жол берілетін шығарындылардың ( ШЖБШ) нормативтерін арттыру | Бұзушылықты жою жөніндегі іс-шаралар ( мерзімдерін көрсете отырып) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| г /с | жылына/ тонна | г /с | тоқсанына/ тонна | жылына/ тонна | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

**Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындыларын есептеу негізіндегі нәтижелер**

**5-кесте**

| Алаң | | Шығарынды көзі | | Ластағыш заттардың атауы | ШЖБШ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| атауы | орналасқан жері, координаттары (бойлық пен ендік) | нөмірі | атауы | | г /с | жылына/ тонна |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ: | | | | | | |

5-кестенің жалғасы

| Нақты нәтиже | | | Есептеу әдістемесі | Тұтынылатын шикізат/ материал түрі (атауы) | Шикізат/ материал шығысы, тонна | Жабдықтың жұмыс істеу уақыты, сағат | Шекті жол берілетін шығарындылар ( ШЖБШ) нормативтерін арттыру |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| г/с | тоқсанына/ тонна | жылына/ тонна | | | | | |
| 1 | 2 | | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | | |
| БАРЛЫҒЫ: | | | | | | | |

**Атмосфералық ауаға әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер**

Әсер ету мониторингі бойынша ақпарат 6-кестеге сәйкес тоқсанына бір рет мерзімді түрде ұсынылады.

Қоршаған ортаға авариялық эмиссиялардан кейін әсер етудің мониторингі бойынша есептілік әсер ету аймағының шекарасында шекті жол берілетін концентрацияның көрсеткішін алғанға дейін әрбір аспаптық өлшеудің нәтижелері бойынша тәулік сайын ұсынылады.

**6-кесте**

| Сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік) | Ластағыш заттардың атауы | Шекті жол берілетін концентрация ( ең жоғары бір реттік, мг/м$^3$) | Іс жүзіндегі концентрация, мг/м$^3$ | Шекті жол берілетін концентрациялардан асып кетуінің болуы, еселігі | Бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар ( мерзімдері көрсетіле отырып) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

**Жер үсті және жер асты сулары**

**Суды пайдалану бойынша ақпарат**

**7-кесте**

| | |
|---|---|

| Есепті кезең ішінде алынған, берілген ($м^3$) | | | | Есепті кезең ішіндегі ағызудың нақты көлемі ($м^3$) | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өндірістік | | Шаруашылық-тұрмыстық | | өндірістік | шаруашылық-тұрмыстық |
| табиғи көздерден | басқа ұйымдардан | табиғи көздерден | басқа ұйымдардан | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

7-кестенің жалғасы

| Бөгде ұйымдарға берілген ағындардың көлемі ($м^3$) | Айналымдық пайдалану ($м^3$) | Қайталап пайдалану ($м^3$) | Суды жер қыртысына айдау көлемі ($м^3$) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

**Сарқынды сулардың зертханалық талдау нәтижелері**

**8-кесте**

| Әсер ету объектісінің атауы, координаттары (бойлық және ендік) | Сарқынды суларды ағызу орнының координаттары | Ластағыш заттардың атауы | Белгіленген норматив | | Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі | | | Шекті жол берілетін ағызу нормативтерін сақтау не асып кету | Бұзушылықты жою жөніндегі іс-шаралар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мг/дм$^3$ | тонна/жыл | мг/дм$^3$ | тоқсанына/ тонна | тонна/жыл | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

**Су ресурстарына әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер**

Су ресурстарына әсер етудің мониторингі бойынша есептілік 9-кестеге сәйкес тоқсанына бір рет мерзімді түрде ұсынылады.

Су объектісіне авариялық эмиссиялардан кейін әсер етудің мониторингі бойынша есептілік әсер ету аймағының шекарасында шекті жол берілетін концентрацияның көрсеткішін алғанға дейін әрбір аспаптық өлшеудің нәтижелері бойынша тәулік сайын ұсынылады.

**9-кесте**

| Сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік) | Ластағыш заттардың атауы | Шекті жол берілетін концентрация, мг/дм$^3$ | Іс жүзіндегі концентрация мг/дм$^3$ | Шекті жол берілетін концентрациялардан асып кетуінің болуы, еселігі | Бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

**Топырақ жамылғысына әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер**

**10-кесте**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|

| Сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік) | Ластағыш заттардың атауы | Шекті жол берілетін концентрация ( мг/кг) | Іс жүзіндегі концентрация ( мг/кг) | Шекті жол берілетін концентрациялардан асып кетуінің болуы, еселігі | Бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар ( мерзімдері көрсетіле отырып) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

**Радиациялық мониторинг бойынша мәліметтер**

Радиациялық мониторингке байланысты жұмыстардың барлық түрлері Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес орындалуы және оларды Қазақстан Республикасының аумағында радиоэкологиялық зерттеулер жүргізу құқығына лицензиясы бар ұйымдар орындауы тиіс.

**11-кесте**

| Әсер ету көздерінің атауы | Белгіленген норматив (мкЗв/час) | Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі ( мкЗв/час) | "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" нормативтерінен асып кету | Бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар ( мерзімдері көрсетіле отырып) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

**Теңіздегі өндірістік мониторинг жөніндегі мәлімет (гидрометеорологиялық параметрлер, атмосфералық ауа, физикалық факторлар, теңіз суы, су түбі шөгінділері, гидробионттар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі)**

**12-кесте**

| Анықталатын компоненттер | Станциялар атауы | Координаттары | Жыл маусымы | Мәліметтерді алудың қайталануы | Талдау нәтижелері | Талдауды жүргізу әдістемесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРІ | | | | | | |
| Желдің бағыты, ( румба және градус) | | | | | | |
| Желдің жылдамдығы, (м /с) | | | | | | |
| Ауаның температурасы, Цельсий градус ($^0$С) | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Атмосфералық қысым, (кПа) | | | | | | |
| Атмосфералық ылғалдық, (%) | | | | | | |
| Бұлттылығы, (%) | | | | | | |
| Толқынның бағыты, (румба және градус) | | | | | | |
| Мұнайлы қабықтың болуы, көбік | | | | | | |
| АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА | | | | | | |
| Күкірт диоксиді , мг/м$^3$ | | | | | | |
| Азот диоксиді , мг/м$^3$ | | | | | | |
| Азот оксиді, мг/м$^3$ | | | | | | |
| Көміртегі оксиді, мг/м$^3$ | | | | | | |
| Көмірсутектер С1 – С5 , мг/м$^3$ | | | | | | |
| Көмірсутектер С6 – С10 , мг/м$^3$ | | | | | | |
| Көмірсутектер С12 – С19 , мг/м$^3$ | | | | | | |
| Күкіртсутегі, мг/м$^3$ | | | | | | |
| Метан, мг/м$^3$ | | | | | | |
| ТЕҢІЗ СУЫ | | | | | | |
| Жалпы тереңдігі, м | | | | | | |
| Сынама алудың тереңдігі, м | | | | | | |
| Ағыстың бағыты, (румба және градус) | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мөлдірлігі, м | | | | | | |
| Судың температуры, $^{0}$C | | | | | | |
| Тұздылығы, промилле (‰, PSU, мг/дм$^3$) | | | | | | |
| Лайлығы, (FNU, FTU) | | | | | | |
| Жүзбелі заттектер, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Ерітілген оттегі, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Оттегіні биологиялық тұтыну (ОБТ5), мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Оттегіні химиялық тұтыну (ОХТ), мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Күкітсутек (төменгі көкжиектен), мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Сутегі көрсеткіші, (ед. pH) | | | | | | |
| Электр өткізгіштік, (мСм/см) | | | | | | |
| Тотығу-тотықсыздану потенциалы , (мВ) | | | | | | |
| Аммоний азоты, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Жалпы азот, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Нитратты азот, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Нитритті азот, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы фосфор, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Марганец, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Органикалық көмірсутектер, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Жалпы көмірсутектер (мұнай өнімдері), мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Полиароматты көмірсутегілер (ПАК), мг/дм$^3$ | | | | | | |
| СББЗ (синтетикалық беткейлік-белсенді заттар) / АББЗ (аниондық беткейлік-белсенді заттар), мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Фенол, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Алюминий, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Мышьяк, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Барий, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Кадмий, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Хром, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Мыс, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Темір, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Сынап, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Никель, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Қорғасын, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Ванадий, мг/дм$^3$ | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мырыш, мг/дм$^3$ | | | | | | |
| Басқа компоненттер | | | | | | |
| ТҮБІНДЕГІ ШӨГІНДІЛЕР | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: көбірек 10,0 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 10-5 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 5-2 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 2-1 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 1-0,5 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 0,5-0,25 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 0,25-0,1 мм (%) | | | | | | |
| Гранулометірлік құрамы: 0,1 мм кіші, (%) | | | | | | |
| 1 см тереңдіктегі температура, $^0$C | | | | | | |
| 4 см тереңдіктегі температура, $^0$C | | | | | | |
| 1 см тереңдіктегі тотығу-тотықсыздану потенциалы , (мВ) | | | | | | |
| 4 см тереңдіктегі тотығу-тотық | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сыздану потенциалы , (мВ) | | | | | | | |
| 1 см тереңдіктегі сутегі көрсеткіші, ед. pH | | | | | | | |
| 4 см тереңдіктегі сутегі көрсеткіші, ед. pH | | | | | | | |
| Органикалық көміртегінің мөлшері , % | | | | | | | |
| Алюминий, мг/кг | | | | | | | |
| Мышьяк, мг/кг | | | | | | | |
| Барий, мг/кг | | | | | | | |
| Кадмий, мг/кг | | | | | | | |
| Хром, мг/кг | | | | | | | |
| Мыс, мг/кг | | | | | | | |
| Темір, мг/кг | | | | | | | |
| Сынап, мг/кг | | | | | | | |
| Қорғасы, мг/кг | | | | | | | |
| Ванадий, мг/кг | | | | | | | |
| Мырыш, мг/кг | | | | | | | |
| Никель, мг/кг | | | | | | | |
| Фенол, мг/кг | | | | | | | |
| Көмірсутектер құрамы (мұнай өнімдері), мг/кг | | | | | | | |
| Полиароматты көмірсутегілер (ПАК), мг/кг | | | | | | | |
| Микроорганизмдердің | | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| жалпы санын анықтау, (кл/кг) | | | | | | |
| Микроорганизмдердің жалпы биомассасын анықтау, (г/кг) | | | | | | |
| Сафрофиттер жалпы санын анықтау, (кл/кг) | | | | | | |
| Саңырауқұлақтардың жалпы санын анықтау (кл/кг) | | | | | | |
| Актиномиценттер жалпы санын анықтау, (кл/кг) | | | | | | |
| Мұнай тотықтыратын микроорганизмдерді анықтау (көміртегі тотықтыратын микроорганизмдер, кл/кг) | | | | | | |
| БЕНТОС | | | | | | |
| Түрлердің жалпы саны | | | | | | |
| Саны бойынша басым таксондар | | | | | | |
| Биомасса бойынша басым таксондар | | | | | | |
| Жалпы саны, (экз./$м^2$) | | | | | | |
| Жалпы биомассасы, (мг/$м^2$) | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ФИТОПЛАНКТОН | | | | | | |
| Сынама алу тереңдігі, (м) | | | | | | |
| Түрлердің жалпы саны | | | | | | |
| Басым түрлер (тізім үтірмен бөлінген) | | | | | | |
| Ұяшықтардың жалпы саны, (экзю/м$^3$) | | | | | | |
| Жалпы биомассасы, (мг/м$^3$) | | | | | | |
| Сапробтылық деңгейі | | | | | | |
| ЗООПЛАНКТОН | | | | | | |
| Іріктеу кеңістігінің ұзындығы, (м) | | | | | | |
| Түрлердің жалпы саны | | | | | | |
| Басым түрлер (тізім үтірмен бөлінген) | | | | | | |
| Жасушалардың жалпы саны (экз./м$^3$) | | | | | | |
| Жалпы биомассасы , (мг/м$^3$) | | | | | | |
| Сапробтылық деңгейі | | | | | | |
| СУ ӨСІМДІГІ | | | | | | |
| Қауымдастықтың флористикалық құрамы (үтір арқылы бөлінген) | | | | | | |
| Түрлердің қауымдастықтағы таралу пайызы (%, үтірмен бөлінген) | | | | | | |
| Жалпы өсімдік | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| биомассасы, мг/га | | | | | | |
| ИХТИОФАУНА | | | | | | |
| Белсенді балық аулау құралдарын пайдаланатын аулаудағы балықтардың түр құрамы ( арқалық трал, Агассиз тралы) | | | | | | |
| Пассивті балық аулау құралдарын пайдаланатын аулаудағы балықтардың түр құрамы ( желбезек торлар) | | | | | | |
| Ерекше бағалы, сирек кездесетін және қызыл кітапқа енген балық түрлері – түр құрамы, морфометриялық көрсеткіштері, репродуктивті өнімдерінің жағдайы, жынысы және жетілу кезеңі (инвазивті емес, интравитальді әдістерді қолдану арқылы – ультрадыбыстық және морфометриялық зерттеулер) | | | | | | |
| Сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| балықтардың жыныстық өнімділіктері мен жынысы және жетілу кезеңінің ахуалына зерттеулер тек тіршілік кезіндегі (ультрадыбысты және морфометриялық зерттеулер) | | | | | | |
| Балықтардың кәсіпшілік түрлері үшін (жергілікті ихтиологиялық қоғамдастықтардың көптеген, тұрақты өкілдері) балықтардың жеке биологиялық сипаттамасы (Q - жалпы массасы, q - ішек-қарынсыз дене массасы, L - балықтың жалпы ұзындығы, l- құйрық жүзу қанатынсыз балықтың ұзындығы, жынысы, жас шамасы, жетілу сатысы) жетілудің IV сатысында аналығын ұстау кезінде абсолютті жеке өсімталдығымен | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| анықталады, сызықты өсу қарқыны, түрдің типтік морфологиялық әлпетінен ауытқуларының (кемтарлықтар) болуы | | | | | | |
| Сыртқы паразиттердің болуы, олардың орналасуы мен саны (тек көзге көрінетін паразиттер, саны мен түрін ескеру керек. | | | | | | |
| Қуыс паразиттерінің болуы, олардың саны мен салмағы, түрлері. | | | | | | |
| ИХТИОПЛАНКТОН | | | | | | |
| Көктемдегі ихтиопланктонның түр құрамы | | | | | | |
| Көктемдегі ихтиопланктондар саны (экз./$м^3$) | | | | | | |
| Көктемдегі ихтиопланктон биомассасы (экз./$м^3$) | | | | | | |
| ОРНИТОФАУНА | | | | | | |
| Түрлік құрамы (түрлерінің саны) | | | | | | |
| Түрлік құрамы (түрлерінің тізбесі) | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жалпы саны | | | | | | |
| Маусымдық динамикасы | | | | | | |
| Көпжылдық динамикасы ( 5 жыл) | | | | | | |
| Тұратын орнының сипаттамасы мен зерттелетін аумақта орналастыру ерекшелігі | | | | | | |
| ИТБАЛЫҚТАР | | | | | | |
| Итбалықтар саны ( маусымдық) | | | | | | |
| Итбалықтар саны ( көпжылдық динамикасы – 5 жыл) | | | | | | |
| Тұратын орнының сипаттамасы мен бақыланатын аумақта орналастыру ерекшелігі | | | | | | |

Құжатқа түсіндірме жазбада өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілік нысандары (ӨЭБ, тоқсан сайын, (жыл сайын)) мынандай мазмұнмен толтырылуы қажет:

- рұқсат етілген координат қателігі 50-100 метр; - келесі географиялық форматтарға рұқсат етіледі: Ондық дәрежелер: 41,40338, 2,17403. Градустар, минуттар және секундтар: 41°24'12.2" N 2°10'26.5" E. Градус және ондық минуттар: 41 24.2028, 2 10.4418.

Атауы____________________________________________________________

мекенжайы________________________________________________________

_________________________________________________________________

Телефоны _________________________________________________________

Электрондық пошта мекенжайы

_________________________________________________________________

Орындаушы_______________________________________ ______________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

______________________________________________________________________

**Әкімшілік деректерді өндірістік сипаттағы есепті өндіруге арналған нысанды толтыруға арналған түсіндірме, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері туралы есептің ақысыз негізі бойынша (ӨЭБ, тоқсан сайын, (жыл сайын)):**

**1. 1-кесте. Объект операторы бойынша жалпы мәліметтер**

1-бағанда "№" нөмір рет саны бойынша толтырылады;

2-бағанада өндірістік объектінің толық атауы көрсетіледі;

3-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптаушының (ӘАОС) коды бойынша алаңның нақты орналасқан жері көрсетіледі;

4-бағанда өндірістік алаңның нақты орналасқан жері (координаттары) көрсетіледі;

5-бағанда объект операторының Бизнес Сәйкестендіру Нөмірі (БСН) көрсетіледі;

6-бағанда экологиялық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (ЭҚЖС) бойынша кәсіпорын қызметінің түрі көрсетіледі;

7-бағанда өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі;

8-бағанда объект операторының деректемелері көрсетіледі;

9-бағанда объект санаты көрсетіледі;

10-бағанда кәсіпорынның (кәсіпорын бойынша) жобалық қуаты көрсетіледі;

11-бағанда кәсіпорынның есепті кезеңдегі нақты қуаты көрсетіледі;

12-бағанда өндірістік мониторинг бағдарламасының бекітілген жылы және нөмірі ( болған кезде) көрсетіледі.

**2-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтары жөнінде ақпаратты** объект операторлары өндірістік экологиялық бақылау бойынша есептіліктегі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару нәтижелерін тоқсан сайын ұсынады. Есептік деректер оператордың объектілерінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының жинақталуы болған кезде ұсынылады

1-бағанада жинақтау орнының географиялық координаттары көрсетіледі;

2-бағанда есептік ақпарат ұсынылатын қалдықтың түрі көрсетіледі;

3-бағанда қалдықтар сыныптауышына сәйкес қалдық коды көрсетіледі;

4-бағанда қалдықтардың лимиті көрсетіледі;

5-бағанда жинақтаудың белгіленген мерзімі көрсетіледі;

6-бағанда қалдықтың есепті кезеңнің басындағы қалдық;

7-бағанда қалдықтың есепті кезеңде түзілген осы түрінің көлемі көрсетіледі; 8-бағанда есепті кезеңдегі қалдықтардың нақты жинақталу көлемі көрсетіледі, 8-баған = 6-баған + 7-баған;

9-бағанда қалдық түзуші объектіде операция жүргізілмей, бөгде ұйымдарға берілген қалдықтардың көлемі көрсетіледі;

10-бағанда қалдықтармен операция жүргізілмей, қалдық берілген ұйымның БСН көрсетіледі;

11-бағанда қалдық түзуші объектіде операциялар жүргізілген қалдық көлемі болған кезде көрсетіледі (қалдықтың меншік иесінің операцияны дербес жүргізуі);

12-бағанда есепті кезеңнің соңында жинақтағышта қалған қалдықтар көрсетіледі.

12-баған = 8-баған – 9-баған – 11-баған.

**3-кесте. Объектінің операторы қалдықтармен операцияларды бөгде ұйымдарға бермей, дербес жүргізген жағдайда толтырылады.**

1, 2 және 3-бағандар2-кестенің 2, 3 және 11-бағандарына сәйкес автоматты түрде толтырылады;

4-бағанда қалдықтармен операция жүргізгеннен кейін бөгде ұйымдарға берілген жағдайда олардың көлемі көрсетіледі;

5-бағанда қалдық не шикізатпен операция жүргізгеннен кейін олар берілген ұйымның БСН көрсетіледі;

6-бағанда қалдықтардың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін қалған қалдықтың көлемі көрсетіледі;

7-бағанда қалдықтың бастапқы түріне операция жүргізілгеннен кейін қалған қалдықпен жүргізілетін операция түрі көрсетіледі.

**4-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму бойынша ақпарат.**

Есептік ақпарат өндіріс пен тұтынудың меншікті қалдықтарын көму кезінде, сондай-ақ қалдықтардың бастапқы түрімен операция жүргізгеннен кейін қалған қалдықтарды меншікті полигонда көму кезінде ұсынылады.

1-бағанда меншікті полигонда көмуге жіберілетін қалдық түрі көрсетіледі;

2-бағанда қалдықтар сыныптауышына сәйкес қалдық коды көрсетіледі;

3-бағанда есепті кезеңде түзілген қалдық көлемі көрсетіледі;

4-бағанда көму орны және оның координаттары көрсетіледі;

5-бағанда көму орнын пайдаланудың басталуынан бастап көмілген қалдықтардың жинақталған көлемі көрсетіледі;

6-бағанда қалдықтарды көму лимиті көрсетіледі;

7-бағанда есепті кезеңдегі қалдықтың осы түрін көмудің нақты көлемі көрсетіледі.

**5-кесте. Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен операциялар бойынша оларды бөгде ұйымнан алған кездегі ақпарат.**

Есептік ақпарат бөгде ұйымнан алынған қалдықтармен операцияларды жүзеге асыру кезінде ұсынылады.

1-бағанда қабылдау-беру актісіне сәйкес қалдық коды көрсетіледі;

2-бағанда қалдықтың осы түрі алынған ұйымның БСН көрсетіледі;

3-бағанда алынған қалдық түрінің көлемі көрсетіледі;

4-бағанда есепті кезеңде қалдықтармен операция жүргізуге бағытталған қалдық көлемі көрсетіледі;

5-бағанда қалдықтармен жүргізілген операцияның түрі көрсетіледі;

6-бағанда қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізгеннен кейін бөгде ұйымдарға берілген қалдықтың немесе шикізаттың көлемі көрсетіледі;

7-бағанда қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізгеннен кейін қалдық немесе шикізат берілген ұйымның БСН көрсетіледі;

8-бағанда қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін түзілген қалдықтың түрі көрсетіледі;

9-бағанда қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін түзілген қалдықтың коды көрсетіледі;

10-бағанда қалдықтың бастапқы түрімен операция жүргізілгеннен кейін қалған ( түзілген) қалдықтың көлемі көрсетіледі;

11-бағанда 8-бағаннан қалдықпен жасалған операция түрі көрсетіледі;

12-бағанда 8-бағаннан қалдықпен операция жүргізуге жіберілген көлем көрсетіледі.

13-бағанда берілген жағдайда қалдықтардың қалған көлемі берілген ұйымның БСН көрсетіледі.

**6-кесте. ТҚҚ полигонының газ мониторингі.**

1-бағанда объект атауы көрсетіледі;

2-бағанда сынама алу нүктесі көрсетіледі;

3-бағанда бақыланатын көрсеткіштер көрсетіледі;

4-бағанда мониторинг жүргізу әдістемесі көрсетіледі;

5-бағанда мониторинг нәтижесі көрсетіледі;

6-бағанда асу дерегінің орын алуы және себебі көрсетіледі.

Есептік ақпарат ТҚҚ полигоны иелерімен ұсынылады.

**7-кесте. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есеп.**

Ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары мен төгінділерінің нормативтерін сақтауға байланысты іс-шаралар бойынша ұсынылады.

**8-кесте. Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының орындалуы туралы есептік ақпарат.**

Рұқсатқа қойылатын шарттарға сәйкес ұсынылады. Ақпарат есепті кезеңде жүргізілген іс-шаралар бойынша ұсынылады.

**2. Өндірістік мониторинг**

**1-кесте. Аккредиттелген сынақ зертханасы туралы мәліметтер.**

1-бағанда нөмір реттік сан бойынша толтырылады;

2-бағанда жеке және (немесе) тартылатын сынақ зертханасы туралы мәліметтер, аккредиттелген сынақ зертханасының мекенжайы мен атауы көрсетіледі;

3-бағанда сынақ зертханасының аккредиттеу аттестатының нөмірі мен қолданылу мерзімі көрсетіледі;

4-бағанда сынақ зертханасының аккредиттеу саласы көрсетіледі.

**2-кесте. Атмосфераның ластану көздері туралы мәліметтер (автоматты түрде толтыру)**

1-бағанда барлық және атмосфералық ауаға шығарындыларды жүзеге асыра отырып, есепті кезеңде жұмыс істеген стационарлық көздердің саны көрсетіледі;

2-бағанда барлық және атмосфералық ауаға шығарындыларды жүзеге асыра отырып, есепті кезеңде жұмыс істеген ұйымдастырылған көздердің саны көрсетіледі;

3-бағанда барлық және атмосфералық ауаға шығарындыларды жүзеге асыра отырып, есепті кезеңде жұмыс істеген ұйымдастырылмаған көздердің саны көрсетіледі;

4-бағанда барлық және атмосфералық ауаға шығарындыларды жүзеге асыра отырып, есепті кезеңде жұмыс істеген тазарту құрылыс жайларымен жабдықталған көздердің саны көрсетіледі;

5-бағанда барлық және атмосфералық ауаға шығарындыларды жүзеге асыра отырып, есепті кезеңде жұмыс істеген тазартусыз, ұйымдастырылмаған көздердің саны көрсетіледі.

**3-кесте. Атмосфералық ауа эмиссиясының мониторингі бойынша ластаушы заттардың нақты шығарындылары бойынша (жиынтық кесте)**

1 және 2-бағанда құрылымдық бөлімше (атауы мен орналасқан жері ( координаттары (бойлығы мен ендігі) көрсетілген алаң, цех) көрсетіледі;

3-бағанда шығарындылар көздерінің (ШЖБШ) түгендеу нөмірі көрсетіледі;

4-бағанда шығарындылар көздерінің атауы көрсетіледі (*толтыру міндетті емес);

5-бағанда анықтамалықтан (анықтамалықта болмаған кезде толтырылады) ластағыш заттардың атауы таңдалады;

6 және 7-бағандарда ШЖБЖ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив көрсетіледі (г/с , тоқсанына/т және жылына/т);

8-9-10 бағандарда ЛЗ шығарындыларының есептік кезеңдегі нақты көлемі көрсетіледі (г/с, тоқсанына/т және жылына/т);

10-баған жыл қорытындысы бойынша толтырылады және тазартусыз атмосфералық ауаға ЛЗ шығарындыларының көлемі көрсетіледі (жылына/ т);

11-12-баған жыл қорытындысы бойынша толтырылады және ауланған және залалсыздандырылған ЛЗ жалпы көлемі көрсетіледі (г/с, жылына/т);

13-14-бағанда нормативтен тыс шығарындылардың көлемі автоматты түрде айқындалады (г/с және жылына/т);

15-бағанда рұқсат етілгендермен салыстырғанда ЛЗ шығарындыларының ұлғаюы немесе төмендеуі автоматты түрде айқындалады, % (жылына/ т);

16-бағанда ЛЗ шығарындыларының ұлғаю себептері көрсетіледі.

**4-кесте. Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын өлшеу негізіндегі нәтижелер**

1 және 2-бағандарда құрылымдық бөлімше (атауы мен орналасқан жері ( координаттары (бойлығы мен ендігі) көрсетілген алаң, цех) көрсетіледі);

3 және 4-бағандарда шығарындылар көзінің нөмірі мен атауы (шекті жол берілетін шығарындылар жобасына сәйкес) көрсетіледі;

5-бағанда анықтамалықтан (анықтамалықта болмаған жағдайда толтырылады) ластағыш заттардың атауы таңдалады;

6 және 7-бағанда ШЖБЖ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив көрсетіледі (г/с және жылына/т);

8, 9 және 10-бағандар мониторингтің есептік кезеңдегі нақты нәтижесі көрсетіледі ( г/с, тоқсанына/т және жылына/т);

11-бағанда шекті жол берілетін шығарындыдан асып кету жағдайларының жалпы саны көрсетіледі;

есептің 12-бағанында бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып) көрсетіледі.

**5-кесте. Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындыларын есептеу негізіндегі нәтижелер**

1 және 2-бағанда құрылымдық бөлімше (атауы және орналасқан жері ( координаттары (ендігі және бойлығы) көрсетілген алаң, цех) көрсетіледі);

3 және 4-бағанда шығарындылар көзінің нөмірі мен атауы (шекті жол берілетін шығарындылар жобасына сәйкес) көрсетіледі;

5-бағанда анықтамалықтан (анықтамалықта болмаған кезде толтырылады) ластағыш заттардың атауы таңдалады;

6 және 7-бағандарда ШЖБЖ, ҚОӘБ бойынша белгіленген норматив көрсетіледі (г/с және жылына/т);

есептің 8, 9 және 10-бағандар мониторингтің есептік кезеңдегі нақты нәтижесі көрсетіледі (г/с, тоқсан/т және жылына/т);

11-бағанда анықтамалықтан таңдалады (анықтамалықта болмаған кезде шығарындыларды есептеу әдістемесі толтырылады);

12-бағанда тұтынылатын шикізат пен материалдың түрі (атауы) көрсетіледі, осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген қызмет түрлері бойынша ұсынылады;

13-бағанда шикізат пен материалдың шығысы (тонна) көрсетіледі, осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген қызмет түрлері бойынша ұсынылады;

14-бағанда жабдықтың жұмыс уақыты (сағат) көрсетіледі, осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген қызмет түрлері бойынша ұсынылады;

есептің 15-бағанында шекті жол берілетін шығарындыдан асып кету жағдайларының жалпы саны көрсетіледі.

**6-кесте. Атмосфералық ауаға әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер**

1-бағанда сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік) көрсетіледі

2-бағанда ластағыш заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда шекті жол берілетін концентрация (ең жоғары бір реттік, мг/дм$^3$) көрсетіледі;

4-бағанда мониторинг деректері бойынша іс жүзіндегі концентрация көрсетіледі;

есептің 5-бағанында шекті жол берілетін концентрациядан асуының бар болуы, еселігі көрсетіледі;

есептің 6-бағанында бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып) көрсетіледі.

**7-кесте. Суды пайдалану бойынша ақпарат**

1 және 2-бағандарда есепті кезең ішінде табиғи көздерден және басқа ұйымдардан өндірістік мақсаттар үшін қанша су алынғаны көрсетіледі, күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жылына бір рет толтырылады;

3 және 4-бағандарда есепті кезең ішінде табиғи көздерден және басқа ұйымдардан шаруашылық-тұрмыстық мақсаттар үшін қанша су алынғаны көрсетіледі, күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет толтырылады;

5 және 6-бағандарда есепті кезең ішінде өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық сулар бойынша сарқынды суларды ағызудың іс жүзіндегі көлемі көрсетіледі;

7-бағанда бөгде ұйымдарға берілген ағындардың көлемі көрсетіледі;

8-бағанда тұйық шеңбер жүйесінде айналымдық пайдалануға бағытталған су көлемі көрсетіледі, күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет толтырылады ;

9-бағанда қайтадан пайдалануға бағытталған судың көлемі көрсетіледі, күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет толтырылады;

10-бағанда тазартылған сарқынды суларды оқшауланған суландырылмаған жерасты жиектерге және жерасты су тұтқыш жиектерге айдау көлемі көрсетіледі.

**8-кесте. Сарқынды суларды зертханалық талдау нәтижелері**

1-бағанда әсер ету көзінің атауы, координаттары (бойлық және ендік) көрсетіледі;

есептің 2-бағанында сарқынды суларды ағызу орнының координаттары көрсетіледі;

есептің 3-бағанында анықтамалықтан (анықтамалықта болмаған жағдайда дербес толтырылады) ластағыш заттардың атауы таңдалады;

есептің 4 және 5-бағандарында белгіленген норматив (мг/дм$^3$, тонна/жыл) көрсетіледі;

есептің 6 және 7-бағандарында мониторингтің есептік кезеңдегі іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм$^3$, тонна/жыл) көрсетіледі;

8-бағанда рұқсат етілген шығарындылармен салыстырғанда ластағыш заттар шығарындыларының сақталуы не асып кетуі автоматты түрде толтырылады;

9-бағанда асып кету анықталған жағдайда, бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

**9-кесте. Су ресурстарына әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер**

1-бағанда сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік) көрсетіледі;

2-бағанда анықтамалықтан (анықтамалықта болмаған жағдайда дербес толтырылады) ластағыш заттардың атауы таңдалады;

3-бағанда шекті жол берілетін концентрация (мг/дм$^3$) көрсетіледі;

4-бағанда мониторинг деректері бойынша іс жүзіндегі концентрация көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілетін концентрациядан асуының бар болуы, еселігі көрсетіледі;

6-бағанда бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып) көрсетіледі.

**10-кесте. Топырақ жамылғысына әсер етудің мониторингі бойынша мәліметтер**

1-бағанда сынамаларды іріктеу нүктелері, координаттар (бойлық және ендік) көрсетіледі;

2-бағанда анықтамалықтан (анықтамалықта болмаған жағдайда дербес толтырылады) ластағыш заттардың атауы таңдалады;

есептің 3-бағанында шекті жол берілетін концентрация (мг/кг) көрсетіледі;

есептің 4-бағанында мониторинг деректері бойынша іс жүзіндегі концентрация көрсетіледі (мг/кг);

есептің 5-бағанында шекті жол берілетін концентрациядан асуының бар болуы, еселігі көрсетіледі;

есептің 6-бағанында бұзушылықтарды жою және экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып) көрсетіледі.

**11-кесте. Радиациялық мониторинг бойынша мәліметтер**

1-бағанда әсер ету көздерінің атауы көрсетіледі;

2-бағанда белгіленген норматив көрсетіледі (мкЗв/сағ);

3-бағанда мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі көрсетіледі (мкЗв/сағ);

4-бағанда "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" нормативтерінен асып кету көрсетіледі;

5-бағанда бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар (мерзімдері көрсетіле отырып) көрсетіледі.

**12-кесте. Теңіздегі өндірістік мониторинг жөніндегі мәлімет** ( гидрометеорологиялық параметрлер, атмосфералық ауа, физикалық факторлар, теңіз суы, су түбі шөгінділері, гидробионттар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі)

1-бағанда табиғи ортаның анықталатын компонентінің атауы көрсетіледі;

2-бағанда сынама алынатын станциялардың атауы көрсетіледі (өндірістік мониторинг нүктелері);

3-бағанда сынама алынатын станциялардың координаттары көрсетіледі (өндірістік мониторинг нүктелері);

4-бағанда зерттеу маусымы көрсетіледі;

5-бағанда алынған мәліметтердің шынайылығын арттыру үшін сынама алудың қайталамасы көрсетіледі;

6-бағанда табиғи ортаның алынған көрсеткіштерінің зерттеу нәтижелері көрсетіледі (ауаның, теңіз суының және түптік шөгінділер компоненттері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі);

7-бағанда талдауларды жүргізу әдістемелері көрсетіледі (МЕМСТ, стандарттар, басшылық және әдістемелік құжаттар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК